Жұмыстар/көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы

№10-к келісім-шарты

Талдықорған қаласы **21.02.2012 жыл**

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын **«Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі** (25.06.2008 жылғы № 8103-1907-ММ мемлекеттік тіркеу куәлігі, 03.09.2001 жылғы № 39476925 статистикалық картасы) атынан, 21.04.2008 жылғы Талдықорған қаласының әкімшілігінің №10-391 қаулысымен бекітілген Ережеге сай әрекет ететін, бөлім бастығы Калиев М.М. бір тараптан және бұдан әрі **өнім беруші** деп аталатын **«Достықтранссервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** (21.07.2008 жылғы №12977-1907-ЖШС мемлекеттік тіркеу куәлігі, 30.04.1997 жылғы № 38070380 статистикалық картасы) атынан 29.05.2008 жылғы жалпы құрылтайшының жиналысының шешімімен бекітілген Жарғының негізінде әрекет ететін бас директор Дауылбаев Асан Нургалиевич екінші тараптан, 2007 жылғы 21 шілдедегі № 303-III «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 3-тарауының 16-бабының 3-тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 1301 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі» (бұдан әрі – Ереже) және Мемлекеттік сатып алу (конкурс тәсілімен) қорытындылары туралы 21.02.2012 жылғы н/ж хаттамасының негізінде осы Мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мынадай төмендегі келісімге келді:

1. Өнім беруші **36 360 000** (Отыз алты миллион үш жүз алпыс мың) теңге 00 тиын мөлшердегі сомаға (бұдан әрі – Шарттың сомасы). 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 320 қалалық қалалық мәслихат шешімімен 458029015421 бюджеттік бағдарламаға сәйкес **Талдықорған қ. Мойнақ ауылын сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және құрылысы** бойынша жұмыстарды Өнім беруші Тапсырыс берушінің құжаттамасына сәйкес санда және сапада 30.11.2012 ж. мерзіміне дейін көрсетуді (жеткізуді) міндетіне алады, ал Тапсырыс беруші қабылдауды және төлеуді міндетіне алады.

2. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерге ақыны 30.11.2012 ж. мерзіміне дейін, төмендегі бағдарлама бойынша төлейді:

458 – ауданның(облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі

029 – сумен жабдықтау жүйесін дамыту

015 – жергілікті бюджет қаражаты есебінен

421 – ғимараттар мен құрылыстар салу

3. Төменде санамаланған құжаттар және оларда баяндалған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт.

4. Көрсетілетін жұмыстар үшін төлем кестесінде алдын ала берілетін 3 639 636 (Үш миллион алты жүз отыз тоғыз мың алты жүз отыз алты) теңге 00 тиын жалпы сомадан алынған 10.01% құрайды, орындалған жұмыстардың әрбір сомасынан барабар ұстап қалынады.

5.Тараптар бір-бірінен орындалған міндеттемелер нәтижелері орындалған жұмыстар мен қызметтердің актілері және шот-фактураларға сәйкес қабылданады.

6. Ақы төлеу нысаны аударым.

7. Төлеу мерзімі:

№	Айлар	Сомасы
1	Мамыр, алдын ала төлеу 10,01%	3 639 636
2	Маусым	9 155 000
3	Шілде	7 324 000
4	Тамыз	7 324 000
5	Қазан	7 324 000
6	Қараша*	1 593 364
	Барлығы	**36 360 000**

* түпкілікті есеп айырысу 5% көлеміндегі мемлекеттік немесе жұмыс комиссиясының бекітілген актісін бергеннен кейін жүргізіледі

8. Жұмыс пен қызмет көрсету техникалық ерекшелікке сәйкес орындалады.

9. Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші бір тұлғалардың енгізілген кепілдікті акшалай жарнаға толығымен не бір бөлігінде талап ету құқықтарының туындауына келтіретін іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді. Тапсырыс берушінің Өнім беруші енгізген кепілді акшалай жарнаны Заңда көзделмеген максаттарға пайдалануына жол берілмейді.

10. Өнім беруші құқылы:

1) атқарған жұмыс пен көрсетілген қызметтер үшін уақытында және толық көлемде төлем ақы алу;

2) көрсетілген қызметтің сапасына баға беру және талдау комиссиясының жұмысына қатысу;

3) комиссия актілерімен танысу.

11. Өнім беруші екі жақтың келісімімен осы шарт бойынша міндеттемесін мерзімінен бұрын орындау мүмкіндігі бар.

1) Өнім берушінің конкурстық шартты бағасы 30 360 600 (Отыз миллион үш жүз алпыс мың алты жүз) теңге 00 тиын.

12. Өнім берушінің міндеттері:

1) жұмыс пен көрсетілген қызметтердің барлық түрлеріне негіздемесін қосып есептемесін беру;

2) Шартта карастырылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің толығымен орындалуын қамтамасыз ету;

3) келісім бойынша көрсетілетін қызметтер мен жұмыстарды тапсырушының графигіне сәйкес келісімге қол қойылғаннан кейін 5 күнтізбелі күннен кем емес уақытта орындау;

4) Тапсырыс берушінің талаптарына және санитарлы нормаларға сәйкес жұмыстарды (көрсетілген қызметтерді) сапалы және уақытылы орындау;

5) Тапсырыс берушіге төлем кестесіне сәйкес 20-на дейін атқарылған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін, сондай-ақ Шарттың орындалуын тексеру үшін керекті құжаттамаларды ұсыну.

6) Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарт бойынша жеткізіп берілетін материалдар мен жабдықтардың техникалық өзіндік ерекшеліктер және жобалау–сметалық құжаттамаға сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатын кепілдік береді.

Өнім беруші Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдік 3 жыл мерзімге береді.

13. Тапсырыс беруші осы Шарттың орындалуын тексеру үшін керекті мәліметтерді толық көлемде және уақытылы алуына құқылы.

14. Тапсырыс берушінің міндеттері:

1) орындалған жұмыс көлемдерін қабылдап және ай сайын ұсынылған № 2 нысандағы орындалған жұмыс актілері бойынша толық есеп айырысуын жүргізу;

2) көрсетілген қызмет үшін Өнім берушінің шығындарын уақытылы өтеу.

15. Осы шарт бойынша міндеттемелердің біркелкі орындалуы (төлем кестесіне сәйкес) екі жақтың келісімімен жүргізіледі.

16. Егер тізімде қарастырылмаған жұмыстар жүргізілсе, екі жақтың қатысуымен хронометраж жолы арқылы қосымша калькуляция құру керек.

17. Өнім беруші қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мердігерлік бағасының) 2/3 бөлігінен аспайтын шарт жасаса алады, және Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз Шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы Шарттың талаптарын өзгертпейді.

18. Өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және баска да шарттардың өзгермейтін талабы жағдайында мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізуге:

1) осы тауарларды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген тауарлар, көрсетілетін қызметтер бірлігі үшін бағаны өзгертпеу шартымен сатып алынатын тауарлардың, көрсетілген қызметтердің көлеміндегі кажеттіліктің азаюына немесе артуына байланысты шарттың сомасын азайту не арттыру бөлігінде жол беріледі. Тауарларды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты мұндай өзгертуге осы тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделген соманың шегінде жол беріледі;

2) егер өнім беруші тауарды мемлекеттік сатып алу туралы онымен жасалған шартты орындау үдерісінде тауар бірлігіне берілетін бағаның өзгертпеу шартымен, онымен жасалған тауарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттың нысанасы болып табылатын тауарды берудің неғұрлым үздік сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларын немесе мерзімін және (немесе) шарттарын ұсынған жағдайда өзгерістер енгізуге жол беріледі;

3) егер мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау үдерісінде осыған ұқсас сатып алынатын жұмыстарға бағалар азаю жағына өзгерсе, тараптардың өзара келісімі бойынша жұмыстарға бағаның және осыған сәйкес шарттың бағасын азайту бөлігінде жол беріледі;

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа мемлекеттік сатып алу шарттарының және (немесе) өнім беруші таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертетін өзгерістерді осы тармақта көзделмеген негіздемелер бойынша енгізуге жол берілмейді.

19. Осы Шарт шеңберінде берілетін тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуге немесе олардан жоғары болуға тиіс.

20. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз кандай да болмасын адамға Шарттың мазмұнын немесе оның кандай да бір ережелерін, сондай-ак Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан баска адам берген техникалық құжаттаманы, жоспарларды, сызбаларды, модельдерді, үлгілерді немесе акпаратты ашпауға тиіс. Көрсетілген акпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

21. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз кандай да болмасын жоғарыда санамаланған құжаттарды немесе акпаратты Шартты іске асыру мақсатынан баска пайдаланбауға тиіс.

22. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Тауарларға (қызметтерге, жұмыстарға), егер бұл техникалық ерекшелікте айтылса, олардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін техникалық бақылау және/немесе сынақ жүргізуі мүмкін. Осы сынақтарға жұмсалатын барлық шығыстарды Өнім беруші жүктейді. Техникалық ерекшелікте Тапсырыс берушіге кандай түрдегі тексеру мен сынақ талап етілетіндігі, сондай-ак олар кай жерде жүргізілуге тиіс екендігі көрсетіледі. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттарға арналған өзінің өкілдері туралы жазбаша түрде және уақтылы хабардар етуге тиіс.

23. Техникалық бақылау мен сынақ Өнім берушінің немесе оның қосалқы мердігерінің (леріпің) аумағында, тауарларды/қызметтерді жеткізу орнында және/немесе соңғы пунктінде жүргізілуі мүмкін. Егер

олар Өнім берушінің немесе оның қосалқы мердігерінің (лерінің) аумағында жүргізілсе, Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс берушінің тарапынан қандай да болмасын қосымша шығынсыз сызбаларға және өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті құралдар берілетін және жәрдем көрсетілетін болады.

24. Егер техникалық бақылаудан немесе сынақтан өткен тауарлар/қызметтер техникалық ерекшелікке жауап бермесе, Тапсырыс беруші олардан бас тарта алады және Өнім беруші ақаулы тауарды не алмастырады не Тапсырыс берушінің тарапынан қандай да болмасын қосымша шығынсыз техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес қажетті өзгерістер енгізеді.

25. Жоғарыда көрсетілгендердің бір де бір тармағы Өнім берушіні осы Шарт бойынша кепілдіктерден немесе басқа да міндеттемелерден босатпайды.

26. Өнім берушіге Көрсетілген қызметтері ақы төлеу осы Шарттың 6 және 7-тармақтарында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізілетін болады.

27. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, Шарттың құжаттарына ешқандай ауытқулар немесе өзгерістер (сызбалар, жобалар немесе техникалық ерекшеліктер, тиеу, орау әдістері, жеткізу орны немесе өнім беруші көрсететін Қызметтер және т.б.) Шарттың құжаттарына жіберілмейді.

28. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша тауарлардың/қызметтердің кез келген бөлігін беру үшін қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың бағасы немесе беру кестесі немесе сол немесе өзгелері тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Осы бап шеңберінде Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сауалдары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде көрсетілуге тиіс.

29. Өнім беруші қандай да болмасын біреуге осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз не толық не ішінара бермеуге тиіс.

30. Өнім беруші Тапсырыс берушіге, егер бұл конкурстық өтінімнің құжаттарында айтылса, осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмесін беруге тиіс. Қосалқы мердігерлердің болуы Өнім берушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

31. Тауарларды беруді және Қызметтерді көрсетуді Өнім беруші бағалар кестесінде көрсетілген кестеге сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

32. Тапсырыс беруші тарапынан беруді орындауды кешіктіру оған жүктелетін мынадай санкцияларға әкелуі мүмкін: Шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап немесе тұрақсыздық айыбын төлеп Шарттың күшін жою.

33. Егер Шарты орындау кезеңінде Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері (лері) кез келген сәтте Тауарларды уақтылы жеткізуге және қызметтерді көрсетуге кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тез арада кешігу фактісі, оның шамамен ұзақтығы және себебі (тері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Өнім берушіден хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші жағдайды бағалауға тиіс және өзінің қалауы бойынша Өнім берушінің Шартты орындау мерзімін ұзарта алады: бұл жағдайда мұндай ұзартуды тараптар Шарттың мәтініне түзетулер енгізу жолымен қол қойылуы тиіс.

34. Егер Өнім беруші тауарларды Шартта көзделген мерзімде бере алмайтын не қызметтерді көрсете алмайтын болса, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына зиян келтірместен, шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың бағасынан 0,1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

35. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін қандай да болмасын басқа санкцияларға зиян келтірместен, Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады:

а) егер Өнім беруші Қызметтердің бөлігін немесе барлығын Шартта көзделген мерзімде (дерде) немесе Тапсырыс беруші берген осы Шартты ұзарту кезеңі ішінде бере алмаса;

б) егер Өнім беруші Шарт бойынша қандай да болмасын басқа да өзінің міндеттемелерін орындай алмаса.

36. Өнім беруші, егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажор жағдайларының нәтижесі болса, өзінің Шартты орындауды қамтамасыз етуден айырылмайды және Шарттың талаптарын орындамауына орай тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапкершілік жүктемейді.

37. Осы Шарттың мақсаты үшін "форс-мажор" Өнім берушінің есебіне және салақтығына байланысты емес және күтпеген сипаттағы Өнім беруші тарапынан бақылауға бағынбайтын оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар әскери іс-қимылдар, табиғи немесе зілзала апаттары, індет, карантин мен тауарларды беруге эмбарго сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

38. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы тез арада жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды ол орынды болғанынша жалғастырады және форс-мажор жағдайларына байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін жүргізеді.

39. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты бұза алады. Бұл жағдайда бұзу тез арада жүзеге асады және Тапсырыс беруші, егер Шартты бұзу іс-әрекеттерді жасауға немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын санкцияларды қолдануға залал әкелмесе немесе қандай да болмасын құқықтарды қозғамаса Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

40. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі орындалуының орынсыздығына орай кез келген уақытта Шартты бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енген күн айтылуға тиіс.

41. Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

42. Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған, сондай-ақ ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген жәрдем көрсеткен жағдайда Мемлекеттік сатып алу туралы шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін. Өнім берушіге мұндай негіздеме бойынша Шарттың бұзылуымен байланысты болған шығындар өтемін талап ету құқығына ие емес.

43. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін жұмсауға тиіс.

44. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

44-1. Отандық тауар өндірушілермен немесе отандық қызметтерді көрсетушілермен шарт жасалған жағдайда, шарт алдын ала ақы төлеу және тауарларды жеткізгені не қызметтерді көрсеткені үшін толық ақы төлеу туралы шартты қамтуы тиіс. Бұл ретте толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелерді орындаған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

45. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты Қазақстан Республикасының резиденті емеспен жасасқан жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шартты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ол ұсынған нысанда ресімдеуге жол беріледі.

46. Шарт мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Шартты төрелікте қарау кажет болған жағдайда Шарттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі данасы қаралады. Шартқа қатысты барлық хат алмасу немесе тараптар алмасатын басқа құжаттама осы талаптарға сәйкес келуге тиіс.

47.Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалуға тиіс.

48. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама кейіннен түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

49. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді, ол бұл күндердің кайсысы кеш болатындығына байланысты.

50. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

51. Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда енгізуге міндетті. Шарт бойынша 3% көлемінде.

52. Осы Шартта Тапсырыс беруші мен Өнім беруші белгіленген тәртіппен келісілген өзге де айыппұл санкциялары не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

53. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркеуден өткізгеннен кейін. Шарт 2012 жылдың 31 желтоксанына дейін күшінде.

54. Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші
Талдықорған қаласы
«ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімі» ММ
Абай көшесі 241, тел. 242897
СТН 092 200 004 530
БСН 030 240 001 931
ЖСК KZ41 0701 03KS N092 2000
БСК KKMFKZ2A
Коды 12 ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті ММ

«ТҮКШ, ЖК
және АЖБ» ММ бастығы

Қалиев М.

Жабдықтаушы
«Достықтранссервис» ЖШС
Талдықорған қаласы
Жансүгуров көшесі, 149 тел. 271120, 270806
СТН 531 400 034 965
БСН 960 940 000 536
ЖСК KZ05 8560 0000 0016 8877
БСК KCJBKZKX
Бенефициар коды 17 Талдықорған к.
«Банк ЦентрКредит» АҚ

Бас директор

Дауылбаев А.